

Атырау облысы бойынша қоршаған орта жай-күйі жөніндегі ақпараттық бюллетені

4 тоқсан, 2023 жыл



**Қазақстан Республикасы Экология,
геология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК Атырау облысы
бойынша филиалы**

	МАЗМҰНЫ	Бет.
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауаның ластану жай-күйі	4
3	Жер үсті суларының сапасының жай-күйі	13
4	Топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы	14
5	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	15
6	Радиациялық жағдай	16
	Қосымша 1	17
	Қосымша 2	22
	Қосымша 3	23
	Қосымша 4	24
	Қосымша 5	25

АЛГЫ СӨЗ

Ақпараттық бюллетень Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша "Қазгидромет" РМК мамандандырылған бөлімшелері орындастын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Атырау облысы аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Атырау қаласының атмосфералық ауа сапасын бағалау

1. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Атырау облысы экология департаментінің хабарлауынша, Атырау қаласындағы ластанудың негізгі көздері мұнай өндірісі, тасымалдау объектілері болып табылады: "Атырау мұнай өндірісі", "Тенізшевройл", "Атыраумұнаймаш", "Ембімұнайгаз", "Интергаз-Орталық Азия". Бұдан басқа, қалада қаланың жел соғатын екі жағында орналасқан өндірістік төгінділерді жинақтауыш екі тоған бар (солтүстік-батыс жағы - "квадратный" жинақтауыш тоғандың және шығыс жағы - "Тухлая балка"). Жинақтағышқа барлық қалалық төгінділер іс жүзінде тазартусыз жүзеге асырылады, нәтижесінде күкіртсүтектің негізгі көзі – жинақтағыш қалыптасады, онда органикалық заттардың, оның ішінде мұнай өнімдерінің ыдырау процестері жүреді.

Атырау облысында бірінші санаттағы 142 кәсіпорын бар. 2020 жылы кәсіпорындардан нақты жиынтық шығарындылар 150,07 мың тоннаны құрады.

Атырау қаласы, Құлсары қаласы және Мақат ауданы табиғи газбен толық қамтамасыз етілген.

"КазТрансГазАймақ" АҚ АӨФ деректеріне сәйкес Атырау қаласы бойынша автономды қазандықтар – 80 030 бірлік, Мақат ауданы бойынша – 1783 бірлік.

2. Атырау қаласындағы атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Атырау қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 6 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 бекетте сынаманы қолмен күшімен алу және 4 автоматты станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша Атмосфералық ауа мониторингі 16 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) PM-2,5 қалқыма бөлшектер; 3) PM-10 қалқыма бөлшектер; 4) күкірт диоксиді; 5) көміртегі оксиді; 6) азот диоксиді; 7) азот оксиді; 8) аммиак; 9) күкірт сутегі; 10) озон; 11) фенол; 12) формальдегид, 13) бензол; 14) толуол; 15) этилбензол; 16) ортоксилол.

1-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	Тәулігіне 3 мезгіл	қол күшімен алғынған сынама (дискреттік әдіс)	Самал ықшам ауданы А.Кекілбаев көшесі 15	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісуге, фенол, аммиак, формальдегид, бензол, толуол, этилбензол, ортоксилол (C2H6)
5			Құрсай ықшам ауданы Қарабау көшесі 12	қалқыма бөлшектер (шан), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкірттісуге, фенол, аммиак, формальдегид
6	әр 20 минут сайын		Жұлдыз ықшам ауданы 6-шы көше 29	қалқыма бөлшектер PM-2,5 қалқыма бөлшектер PM-10, озон

8	үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Сырдария 3 ауданы	қалқыма бөлшектер PM-10 және PM-2,5, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, аммиак
9			Береке шағын ауданы, Береке өндірістік ауданы	қалқыма бөлшектер PM-10 және PM-2,5, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон
10			Атырау к., Нұрсая ш/а (APEC колледжі)	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісугеңі, көміртегі оксиді

2023 жылғы 4-і тоқсан Атырау қаласының атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Атырау қаласының атмосфералық ауаның ластану деңгейі «көтеріңкі», стандарттық индекс бойынша СИ=1,7 (төмен деңгей) №10 бекет аумағында азот диоксиді бойынша; ЕЖҚ=6% (көтеріңкі деңгей) болып бағаланды, №1 бекет аумағында қалқыма бөлшектер (шан) бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары қалқыма бөлшектер (шан) – 1,4 ШЖШм.б., қалқыма бөлшектер PM-2,5 – 1,2 ШЖШм.б., көміртегі оксиді-1,0 ШЖШм.б., азот диоксиді – 1,7 ШЖШм.б., күкірттісугеңі-1,3 ШЖШм.б. Басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖКК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖКК астам) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 2-кестеде көрсетілген.

2 кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Коспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)		Максималды-бірлік шоғыры (Qм.б.)		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м3	ШЖШ м.б. асу еселігі		%	> ШЖ III	>5 ШЖ III
Атырау қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,12	0,77	0,70	1,4	6	24		
PM-2,5 қалқыма бөлшектері	0,02	0,56	0,20	1,2	0	6		
PM-10 қалқыма бөлшектері	0,02	0,28	0,20	0,67				
Күкірт диоксиді	0,01	0,23	0,07	0,15				
Көміртегі оксиді	0,47	0,16	5,00	1,0	0	3		
Азот диоксиді	0,03	0,78	0,34	1,7	5	50		
Азот оксиді	0,009	0,16	0,40	0,99				
Озон (жербеті)	0,02	0,74	0,14	0,86				
Күкіртті сутегі	0,004		0,01	1,3	2	9		
Фенол	0,002	0,72	0,004	0,40				
Аммиак	0,01	0,22	0,09	0,45				
Формальдегид	0,002	0,21	0,005	0,10				
Бензол	0,0001	0,001	0,000	0,001				

Толуол	0,0001		0,001	0,002			
Этилбензол	0,0001	0,00	0,001	0,05			
Ортоксиол (C2H6)	0,0001		0,001	0,003			

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді



Кестеден көріп отырғанымыздай, Атырау қаласының 4-і тоқсан бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі, соңғы бес жылда 2019,2021,2022 және 2023 жылдар аралығында «көтерінкі» деңгейде бағаланды. Ал 2020 жылы ауа сапасының ластану көрсеткіші «жоғары» деңгейге жетті.

Ең жоғары бір реттік ШЖШ артуының ең көп саны қалқыма бөлшектер (шаң) (24 жағдай), қалқыма бөлшектер PM-2,5 (6 жағдай), көміртегі оксиді (3 жағдай), азот диоксиді (50 жағдай), күкірттісуге (9 жағдай) болып тіркелді.

Ауаның күкіртті сутегімен ластануының негізгі көзіне айналған қаланың сол жақ бөлігінде орналасқан, өндірістік төгінділерді жинақтаушы «Тухлая балка» тоғаны мен мұнай өндеу және тасым алдау өндірістік нысандары өз әсерін тигізуде. Озон концентрациясының жоғарылауына ауа ағындары мен жоғары температура ықпал етеді.

Сонымен қатар, қалқыма бөлшектерінің концентрациясының жоғарылауына, аймақтағы жиі қайталанатын жел екпінінің себебінен, жердің бетінен шаң көтерілуіне ықпал етеді.

2.1 Метеорологиялық жағдайы

2023 жылдың төртінші тоқсанында Атырау қаласы жоғарғы және төменгі қысым аймақтарында орналасып, атмосфералық фронтальды бөліктердің өтуіне байланысты жауын-шашын жауып, тұман түсіп, көктайғақ болды. Жел екпіні күшейіп 15-23 м/с құрады.

Тоқсан ортасында Атырау қаласы бойынша әлсіз жел күші 0-5 м/с соғып, ауа ластануының қолайсыз метеорологиялық жағдайлары **күтілді**.

Экспедициялық бақылаулар деректері бойынша атмосфералық ауаның жай-куйі

Стационарлық бақылау бекеттерінен басқа Атырау облысында жылжымалы экологиялық зертхана жұмыс істейді, оның көмегімен ауа сапасын өлшеу Атырау қаласы бойынша (3 нүктө) жүргізілді. №1 нүктө-Жұмыскер кенті, Жастар көшесі; №2 нүктө-Атырау вокзалы; №3 нүктө - Қара өзек, қалалық булану тоғаны.

Анықталатын қоспалар: 1) қалқыма бөлшектер $PM-10$; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) Ұшпа органикалық қосылыстар (YOK); 6) қалқыма бөлшектер $PM-2,5$; 7) күкірттісуге; 8) көмірсүтек ($C_{12}-C_{19}$); 9) формальдегид; 10) фенол; 11) метан.

Атырау қаласының ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғыры, күкірт диоксиді бойынша №3 нүктө-Қара өзек, қалалық булану тоғаны.-1,360 ШЖШ_{м.б.} құрады.

Басқа анықталатын ластаушы заттардың шоғырлары бақылау деректері бойынша шекті жол берілген шоғырдан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 13-кестеде көрсетілген.

13-кесте

Атырау қаласы атмосфералық ауа сапасын экспедициялық бақылау деректері бойынша ластаушы заттардың максималды шоғыры.

Анықталатын қоспалар	№1 нүктө		№2 нүктө		№3 нүктө	
	МГ/М ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ о.т. асу еселігі	МГ/М ³	ШЖШ о.т. асу еселігі
Қалқыма бөлшектер ($PM-2,5$)	0,012	0,075	0,006	0,038	0,008	0,050
Қалқыма бөлшектер ($PM-10$)	0,027	0,090	0,130	0,433	0,025	0,125
Көміртегі оксиді	2,6	0,5	2,00	0,400	2,6	0,52
Азот диоксиді	0,064	0,020	0,083	0,415	0,041	0,205
Метан	1,2	-	2,1	-	2,0	-
Күкірттісуге	0,007	0,875	0,004	0,500	0,005	0,625
Фенол	0,004	0,400	0,005	0,5	0,003	0,300
Көмірсүтек ($C_{12}-C_{19}$)	0,3	0,005	1,00	0,017	0,300	0,005
Күкірт диоксиді	0,390	0,780	0,210	0,420	0,680	1,360
Формальдегид	0,021	0,420	0,012	0,240	0,002	0,040
Ұшпа органикалық қосылыстар (YOK)	0,3	-	0,3	-	0,300	-

2.2 Құлсары қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Құлсары қаласы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стационарлық станцияда жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы қала бойынша Атмосфералық ауа мониторингі 7 көрсеткіш бойынша жүргізіледі: 1) $PM-10$ қалқыма бөлшектер; 2) күкірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) озон; 7) аммиак.

3-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

3 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
7	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Махамбет Өтемісов көшесі, 37А	қалқыма бөлшектер РМ-10, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон (жер үсті қабаты)

2023 жылғы 4-і тоқсан Құлсары қаласындағы атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг інтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Құлсары қаласының атмосфералық ауаның ластануы «жоғары», стандарттық индексі СИ=4,6 (көтерінкі деңгей), ен жоғары қайталануы ЕЖК= 21% (жоғары деңгей) болып күкірттісуге бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары күкірттісуге бойынша – 4,64 ШЖШм.б.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)		Максималды-бірлік шоғыры (Qм.б.)		Е Ж К %	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м3	ШЖШ о.т. асу еселігі	мг/м3	ШЖШ м.б. асу еселігі		> ШЖ III	>5 ШЖ III	>10 ШЖ III
Құлсары қаласы								
РМ-10 қалқыма бөлшектері	0,00	0,00	0,12	0,25				
Күкірт диоксиді	0,03	0,56	0,14	0,28				
Көміртегі оксиді	0,21	0,07	2,59	0,52				
Диоксид азота	0,00	0,09	0,03	0,15				
Оксид азота	0,02	0,27	0,07	0,17				
Озон (жербеті)	0,01	0,4	0,03	0,2				
Күкірттісуге	0,01		0,04	4,64	21	1084		

Қорытынды:

Соңғы бес жыл ішінде ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Құлсары қаласының 4-і тоқсан бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі, соңғы бес жылда 2019 жылдан бастап 2022 жылдар аралығында «төмен» деңгейде бағаланды. Ал 2023 жылы ауа сапасының ластану көрсеткіші «жоғары» деңгейге жетті.

2.3 Мақат ауданы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Мақат ауданы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы аудан бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады 1) қүкірт диоксиді; 2) азот диоксиді; 3) қүкірттісутегі; 4) көміртегі оксиді.

5-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

5 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Мақат ауылы, Мақат ауданының Мәдениет үйі, Алаш көшесі, 23	қүкірт диоксиді, азот диоксиді, қүкірттісутегі, көміртегі оксиді.

2023 жылғы 4-і тоқсан Мақат ауданындағы атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Мақат ауданының атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен**, стандарттық индекс **СИ=1,8** (төмен деңгей); ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=0%** (төмен деңгей) болып қүкірттісутегі бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары қүкірттісутегі бойынша – 2,98 ШЖШм.б.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: ЖЛ (10 ШЖК астам) және ЭЖЛ (50 ШЖК астам) тіркелген жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)		Максималды- бірлік шоғыры (Qм.б.)		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларыны ң саны		
	МГ/МЗ	ШЖШ о.т. асу еселігі	МГ/МЗ	ШЖШ м.б. асу еселігі		%	> ШЖ Ш	>5 Ш Ж Ш
Мақат ауданы								
Күкірт диоксиді	0,001	0,02	0,00	0,00				
Көміртегі оксиді	0,299	0,10	2,98	0,60				
Диоксид азота	0,104	2,6	0,13	0,67				
Күкірттісутегі	0,001		0,01	1,8	0	25		

2.4 Индер ауданы бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Индер ауданы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы аудан бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) *кукірт диоксиді*; 2) *азот диоксиді*; 3) *кукірттісутегі*; 4) *көміртегі оксиді*.

7-кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

7 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Индербор ауданы, Индербор Мәдениет үйі, Н. Мендіғалиев көшесі 47	кукірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісутегі, көміртегі оксиді.

2023 жылғы 4-і тоқсан Индербор ауданының атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Индер ауданының атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен**, стандарттық индекс **СИ=1,1** (төмен деңгей); ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=0%** (төмен деңгей) болып азот диоксиді бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары көміртегі оксиді бойынша-1,02 ШЖШ.б., азот диоксиді-1,1 ШЖШ.б.,басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа-бірлік шоғырлары күкірт диоксиді-3,69 ШЖШ.т., көміртегі оксиді-1,12 ШЖШ.т., азот диоксиді-1,9 ШЖШ.т.,басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 8-кестеде көрсетілген.

8-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)		Максималды- бірлік шоғыры (Qм.б.)		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	МГ/М3	ШЖШ о.т. асу еселігі	МГ/М3	ШЖШ м.б. асу еселігі		%	> ШЖ Ш	>5 Ш Ж Ш
Индер ауданы								
Күкірт диоксиді	0,184	3,69	0,33	0,66				
Көміртегі оксиді	3,347	1,12	5,08	1,02	0	1		
Диоксид азота	0,076	1,9	0,22	1,1	0	4		
Күкірттісугеі	0,007		0,00	0,13				

2.5 Жанбай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі

Жанбай селосы аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) *күкірт диоксиді*; 2) *азот диоксиді*; 3) *күкірттісугеі*; 4) *көміртегі оксиді*.

9-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режимде	Жанбай кенті, Т.Нысанов көшесі 96 участкесі	күкірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісугеі, көміртегі оксиді.

2023 жылғы 4-і тоқсан Жанбай кенті атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Жанбай кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары**, стандарттық индекс **СИ=4,6** (жоғары деңгей); ең жоғары қайталануы **ЕЖҚ=2%** (жоғары деңгей) болып күкірттісугеі бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары көміртегі оксиді-3,76 ШЖШм.б., азот диоксиді-1,32 ШЖШм.б., күкірттісугеі-4,6 ШЖШм.б., басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Орташа-бірлік шоғырлары азот диоксиді-2,06 ШЖШо.т., басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 10-кестеде көрсетілген.

10-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)	Максималды-бірлік шоғыры (Qм.б.)	ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны
-------	-------------------------	-------------------------------------	-----	-----------------------------------

	МГ/М3	ШЖШ о.т. асу еселігі	МГ/М3	ШЖШм.б. асу еsselіgі	%	> ШЖ III	>5 ШЖ III	>10 ШЖ III
Жанбай кенті								
Күкірт диоксиді	0,00	0,0	0,20	0,4				
Көміртегі оксиді	0,55	0,18	18,81	3,76	0	3		
Диоксид азота	0,08	2,06	0,26	1,32	2	75		
Күкірттісугеі	0,00		0,04	4,6	1	50		

2.6 Ганюшкино кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану жай күйі.

Ганюшкино поселкесі аумағындағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 1 стансада жүргізіледі (1-қосымша).

Жалпы кент бойынша атмосфералық ауа мониторингі 4 көрсеткішке дейін анықталады: 1) *кукірт диоксиді*; 2) *азот диоксиді*; 3 *кукірттісугеі*; 4) *көміртегі оксиді*.

11-кестеде бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

11 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

Бекет №	Сынама мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын үзіліссіз режимде	үзіліссіз режимде	Құрманғазы (Ганюшкино) кенті Құрманғазы ауданының Мәдениет үйі, Абай көшесі, 50-үй	кукірт диоксиді, азот диоксиді, күкірттісугеі, көміртегі оксиді.

2023 жылғы 4-і тоқсан Ганюшкино кенті атмосфералық ауа сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері.

Атмосфералық ауа сапасы. Ганюшкино кенті бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен**, стандарттық индекс СИ=1,3 (төмен деңгей); ең жоғары қайталануы **ЕЖК=0%** (төмен деңгей) болып азот диоксиді бойынша бағаланды.

Максималды-бірлік шоғырлары азот диоксиді бойынша – 1,3 ШЖШм.б.

Орташа-бірлік шоғырлары азот диоксиді-3,0 ШЖШо.т., басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ-дан аспады.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінің асу еселігі және максималды жоғары жағдайлары 12-кестеде көрсетілген.

12-кесте

Атмосфералық ауаның ластану сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр (Qо.т.)		Максималды-бірлік шоғыры (Qм.б.)		% Е Ж К	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	МГ/М3	ШЖШ о.т. асу еsselіgі	МГ/М3	ШЖШм.б. асу еsselіgі		> ШЖ III	>5 ШЖ III	>10 ШЖ III
Ганюшкино кенті								
Күкірт диоксиді	0,001	0,02	0,17	0,33				

Көміртегі оксиді	0,009	0,00	2,85	0,57			
Диоксид азота	0,119	3,0	0,25	1,3	0	31	
Күкірттісугеі	0,001		0,01	0,65			

3. Атырау облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Атырау қаласы бойынша жер үсті суларының сапасын бақылау 5 су объектісінің (Жайық, Қиғаш өзендері, Шаронова арнасы, Перетаска және Яик арналары) 20 тұстамасында жүргізілді.

Теңіз суы сапасына мониторинг жасау Каспий теңізінің 22 жағалаулық нүктеде жүргізіледі: теңіз кеме жүретін су арнасы (2), Жайық өзені қайраны (5), Волга өзені қайраны (5), Шалығи шығанағы аралдары станциялары (5), Жанбай кенті (5).

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының 43 физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолып бақылау, температура, қалқыма заттар, мөлдірлігі, тұсі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОВТ5, ОХТ, құргақ қалдық, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар*.

Атырау облысы аумағындағы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша жер үсті және теңіз сулары сапасының жай-күйіне мониторинг 5 тұстамада 3 су объектісінде (Жайық, Қиғаш өзендері, Шаронова тармағы) жүргізілді. Зерттелетін объектіге судың өткір уыттылығын анықтауға арналған 5 сынама талданды.

3.1. Атырау облысы аумағындағы жер үсті сулар гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірынғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірынғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірынғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

3 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Параметрлері	өл. бір.	концентрациясы
	4 тоқсан 2022 ж.	4 тоқсан 2023ж.			
Жайық өз.	3 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	32,6
Перетаска тарм.	3 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	33,3
Яик тарм.	3 класс	4 класс	Магний	мг/дм ³	33,2
Қиғаш өз.	2 класс	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	157,6
Шаронова өз	1 класс*	4 класс	Магний	мг/дм ³	31,9

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2022 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда жер үсті суларының сапасы Жайық өзені, Перетаска мен Яик тармақтары 3 кластан 4 класқа, Шаронова тармағы 1 кластан 4 класқа, Қиғаш өзені 2 кластан жоғары 5 класқа өтті – нашарлады.

Атырау облысы бойынша су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар магний мен қалқыма заттар болып табылады.

Жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды ластану (ЭЖЛ) жағдайлары

2023 жылдың 4 тоқсанда Атырау облысының аумағында ЖЛ және ЭЖЛ жағдайлары тіркелмеді.

Су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат тұстамалар шегінде Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша 2-қосымшада көрсетілген.

3.2 Атырау облысы аумағындағы жер үсті мен теңіз суларының гидробиологиялық (токсикологиялық) көрсеткіштері бойынша сапасының мониторинг нәтижелері.

Жайық өзені. *Биотестілеу.* Биотестілеу деректері бойынша Жайық өзені бойынша тест-параметр бақылау нұктелерінің жүйелі орналасуында ұсынылды: Дамба кенті - 0%, Атырау қаласы "Атырау су арнасы" КМК төгіндісінен 0,5 км төмен - 0%, Индер кенті "су бекеті тұстамасында" - 0%. Алынған мәліметтер зерттелетін судың сынақ объектісіне уытты әсерінің жоқтығын көрсетеді.

Шаронов тармағы. *Биотестілеу.* Сынақ объектісіне судың жіті уыттылығын анықтау процесінде ағындағы бақылауға (тест - параметр) қатысты өлген дафниялардың пайызы - 0%. Сынақ объектісіне уытты әсер анықталған жоқ.

Қиғаш өзені. *Биотестілеу.* Қиғаш өзені бойынша биотестілеу барысында алынған деректер тест-объектіге уытты әсерінің жоқтығын көрсетті. Зерттелген суда тірі қалған дафниялардың саны 100% құрады. Тест параметрі-0%.

Су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат тұстамалар шегінде токсикологиялық көрсеткіштер бойынша 3-қосымшада көрсетілген.

4. Атырау облысы бойынша 2023 жылғы күздің кезеңіндегі топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы

Күздің кезеңде Атырау қаласында топырақ сынамаларында мырыш мөлшері – 1,95 – 2,25 мг/кг, мыс - 0,3 - 0,4 мг/кг, хром - 0,09 - 0,16 мг/кг, қорғасын - 0,16 - 0,21 мг/кг, кадмий - 0,14 - 0,2 мг/кг шегінде болды.

Атырау мұнай өндеу зауытынан 500 м және 2 км қашықтықта, Атырау – Орал автомагистралінің аудандарында № 19 мектеп, демалыс саябагы аумағында іріктелген топырақ сынамаларында мырыш мөлшері 0,085 - 0,098 ШЖК, мыстың құрамы - 0,100 - 0,133 ШЖК, хром - 0,015 - 0,027 ШЖК, қорғасын - 0,005 - 0,007 ШЖК, кадмий - 0,38 - 0,40 ШЖК шегінде болды.

Барлық анықталған ауыр металдар норманың шегінде болды.

2023 жылдың күздің кезеңінде Атырау облысы Жанбай ауылы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластануының жай-күйі

Күздің кезеңде Атырау облысы Жанбай ауылында топырақ сынамаларында мырыш мөлшері – 1,9 - 2,5 мг/кг, мыс – 0,26 - 0,31 мг/кг, хром - 0,09 - 0,11 мг/кг, қорғасын - 0,14 - 0,16 мг/кг, кадмий - 0,09 - 0,11 мг/кг шегінде болды.

Жанбай ауылы аумағының іріктеу нұктелерінде ауылдың батыс жағы, солтүстік жағы, орталықтағы Қазпошта жанындағы топырақ сынамаларында мырыштың мөлшері - 0,083 - 0,109 ШЖК, мыстың құрамы 0,087 - 0,103 ШЖК, хром - 0,015 - 0,018 ШЖК, қорғасын 0,004 - 0,005 ШЖК, кадмий - 0,18 - 0,22 ШЖК шегінде болды.

Барлық анықталған ауыр металдар норманың шегінде болды.

2023 жылдың күзгі кезеңінде Атырау облысы Забурунъе ауылы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластануының жай-күйі

Күзгі кезеңде Атырау облысы Забурунъе ауылында топырақ сынамаларында мырыш мөлшері – 1,94 - 2,6 мг/кг, мыс - 0,30 - 0,41 мг/кг, хром - 0,11 - 0,16 мг/кг, қорғасын - 0,12 - 0,25 мг/кг, кадмий - 0,1 - 0,15 мг/кг шегінде болды.

Забурунъе ауылы аумағының іріктеу нұктелерінде ауылдың батыс жағы, онтүстік жағы, орталықтағы мектеп жанындағы топырақ сынамаларында мырыштың мөлшері - 0,084 - 0,1113 ШЖК, мыстың құрамы - 0,100 - 0,137 ШЖК, хром - 0,018 - 0,027 ШЖК, қорғасын - 0,004 – 0,008 ШЖК, кадмий - 0,20 - 0,30 ШЖК шегінде болды.

Барлық анықталған ауыр металдар норманың шегінде болды.

2023 жылдың күзгі кезеңінде Атырау облысы Жамансор ауылы бойынша топырақтың ауыр металдармен ластануының жай-күйі

Күзгі кезеңде Атырау облысы Жамансор ауылында топырақ сынамаларында мырыш мөлшері – 1,77 - 2,01 мг/кг, мыс - 0,46 - 0,5 мг/кг, хром - 0,1 - 0,14 мг/кг, қорғасын - 0,22 - 0,29 мг/кг, кадмий - 0,2 - 0,27 мг/кг шегінде болды.

Жамансор ауылы аумағының іріктеу нұктелерінде ауылдың батыс жағы, шығыс жағы, орталықтағы мектеп жанындағы топырақ сынамаларында мырыштың мөлшері 0,077 - 0,087 ШЖК, мыстың құрамы 0,153 - 0,167 ШЖК, хром - 0,017 - 0,023 ШЖК, қорғасын - 0,007 - 0,009 ШЖК, кадмий - 0,40 - 0,54 ШЖК шегінде болды.

Барлық анықталған ауыр металдар норманың шегінде болды.

Атырау облысы бойынша 2023 жылғы күзгі кезеңде Топырақтың ауыр металдармен ластану жағдайы

Күзгі кезеңде топырақтың жай - күйін бақылау Доссор, Мақат, Қосшағыл, с.Жанбай, Забурунъе ауылдарында 5 бақылау нұктелері бойынша жүргізілді.

Топырақ сынамаларында мұнай өнімдерінің құрамы, кадмий, қорғасын, мыс, хром және мырыш анықталды.

Күзгі кезеңде Доссор, Мақат, Қосшағыл, Жанбай, Забурунъе кен орындарында әртүрлі нұктелерде іріктелген топырақ сынамаларында қорғасын мөлшері - 0,14 - 0,31 мг/кг, мырыш - 1,85 - 2,6 мг/кг, мыс - 0,37 - 0,76 мг/кг, хром - 0,1 - 0,22 мг/кг, кадмий - 0,11 - 0,27 мг/кг, мұнай өнімдерінің құрамы - 1,45 - 2,1 мг/кг.

Кен орындары мен олардың нұктелерінде анықталған қоспалардың шоғырлануы рұқсат етілген нормадан аспаған.

5. Атырау облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 3 метеостанцияда (Атырау, Ганюшкино, Пешной) алғынған жаңбыр суына сынама алумен (4.3-сурет) жүргізілді.

Жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті рұқсат етілген шоғырлардан аспады.

Жауын-шашын сынамаларында 26,46% сульфаттар, 10,83% хлоридтер, 31,95% гидрокорбанаттар, 7,05% натрий иондары, 4,06% калий иондары, 2,58% магний иондары, 14,05% кальций иондары басым болды.

Ең үлкен жалпы минерализация Пешной МС – 108,7 мг/л, ең азы Ганюшкино МС 18,03 мг/л белгіленді.

Атмосфералық жауын-шашының меншікті электр өткізгіштігі 29,98 (Ганюшкино МС) бастап 181,0 мкСм/см (Пешной МС) шегінде болды.

Жауын-шашының қышқылдығы әлсіз сілтілі орта сипатына ие, 6,43 -дан (Ганюшкино МС) 7,27-ге дейін (Атырау МС).


6. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті З метеорологиялық стансада (Атырау, Пешной, Құлсары) және Құлсары қаласының 1 автоматты (№7 ЛББ) бекетінде жүргізіледі.


Атырау және Құлсары қалалары бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатына орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,08-0,18 мкЗв/сағ (норматив - 5 мкЗв/сағ дейін). Облыс бойынша радиациялық гамма- фонның орташа мәні 0,11 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің тұсу тығыздығына бақылау Атырау облысында метеорологиялық станцияда (Атырау) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды. Стансада бес тәуліктік сынама жүргізілді. Атырау қаласында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің тұсу тығыздығы 1,5-2,3 Бк/м² шегінде болды. Облыс бойынша радиоактивті тұсулердің орташа тығыздығы 1,8 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.


Қосымша 1




Атырау қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық және жылжымалы желісінің орналасу сызбасы



Құлсары қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу
сызбасы




Мақат ауданы атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы



Индер ауданы атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сыйбасы




Ганюшкино поселкесі атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сыйбасы



Жанбай селосы атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сыйбасы



Атырау облысының аумағындағы радиациялық гамма-фон мен радиоактивті түсулдердің тығыздығын бақылау метеостансаларының орналасу сыйбасы.



Атырау облысы аумағындағы атмосфералық жауын-шашын мен қар жамылғысын бақылау метеостансаларының орналасу сыйбасы.

Қазақстан Республикасы қоршаган ортасының жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) туралы 2023 жыл 4 тоқсан айы бойынша

Атырау қаласындағы 4 ЖЛ (NCOC компаниясы ақпараты бойынша)

Қоспа	Күні, Айы, Жылы	Уақыты	Бекет нөмірі	Жоғары ластану - Атырау қаласы					Атмос фералық қысым	ЭРБК себебі
				Шоғыр МГ/М ³	ШЖШ-дан асу еселігі	Бағыт, град	Жылда мдық, м/с	Темпе ратура, °C		
Күкірт сүтегі	02.10. 2023	07:40	№ 117 Қарабатан (Қарабатан Теміржол стансасы)	0.0876	10.95	127 Ш, ОШ	1.79	7.46	762.3	
		21:20	№ 102 Самал (Мақат ауданы, Вахта түріндегі Самал кенті)	0.1031	12.88	83 Ш, СШ	2.59	16.39	761.39	
Күкірт сүтегі	03.10. 2023	00:40	№ 102 Самал (Мақат ауданы, Вахта түріндегі Самал кенті)	0.1047	13.09	112 Ш	5.91	15.24	761.71	
Күкірт сүтегі	12.11. 2023	07:40	№ 109 Восток (Махамбет к-сі, Күрмангазы алаңы)	0.0949	12	94 Ш, СШ	1.30	1.4	770.81	

Атырау облысы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісінің және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Жайық өз.		судың температурасы 4,2-4,7°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,65-7,95, суда еріген оттегі – 8,4-8,8 мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,0-2,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 12,5-16,8 см
Индер кенті	4 класс	магний – 33,9 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады
КазТрансОйл "АҚ"Индер" ЖЗҚ Жайық өзенінен 0,5 км жоғары	4 класс	магний – 34,8 мг/дм ³
КазТрансОйл "АҚ"Индер" ЖЗҚ Жайық өзенінен 0,5 км төмен	4 класс	магний – 33,2 мг/дм ³
Береке ауылы Жайық өзенінен 0,5 км жоғары	4 класс	магний – 32,7 мг/дм ³
Береке ауылы, Жайық өзенінен 0,5 км төмен	4 класс	магний – 31,9 мг/дм ³
Атырау қаласынан 1 км жоғары	3 класс	магний – 29,9 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау су арнасы" КМК ағысынан 0,5 км жоғары»	4 класс	магний – 31,2 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау су арнасы" КМК ағысынан 0,5 км төмен»	4 класс	магний – 31,0 мг/дм ³
Атырау қаласынан 1 км төмен	4 класс	магний – 31,2 мг/дм ³
"Орал-Атырау бекіре зауыты" РМҚК тасталуынан 3 км төмен Курилкино	4 класс	магний – 35,2 мг/дм ³
«Орал-Атырау бекіре зауыты» РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары Курилкино	4 класс	магний – 33,4 мг/дм ³
Дамба кенті	4 класс	магний – 34,0 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Перетаска тармағы		судың температурасы 4,4-15,9°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,69-7,89, суда ерітілген оттегі – 7,9-8,7 мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,1-2,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 13,6-16,5 см
Ағыстың тармақталуынан 0,5 км төмен Перетаска	4 класс	магний – 35,1 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км жоғары»	4 класс	магний – 32,7 мг/дм ³
Атырау қ., "Атырау ЖЭО" АҚ тасталуынан 2 км төмен»	4 класс	магний – 32,0 мг/дм ³
Яик тармағы		судың температурасы 4,5-11,8°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75-7,9, суда еріген оттегі – 7,8-8,5 мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,1-3,0 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 13,4-16,8 см
Ракуша с. Яик ағысының тармақталуынан 0,5 км төмен	4 класс	магний – 34,6 мг/дм ³
Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км жоғары»	4 класс	магний – 32,8 мг/дм ³
Еркінқала ауылы, "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК тасталуынан 0,5 км төмен»	4 класс	магний – 32,1 мг/дм ³

Шаронова тармағы	судың температурасы 4,6-11,3°C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,75-7,84, суда еріген оттегі – 8,2-8,7 мг/дм ³ , ОБТ5 –2,5- 2,7 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 17,2 см	
аул.Ганюшкино, су бекетінің тұсы	4 класс	магний – 30,9 мг/дм ³ . Магнийдің нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Қиғаш өзені	судың температурасы 4,5-12,1 °C шегінде, сутегі көрсеткіші 7,8-7,9, суда еріген оттегі –8,2-8,5 мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,4-2,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі –15,2- 17,3 см, түстілігі – 17,9-18,3 градус	
аул.Котяевка, су бекетінің тұсы	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар – 157,6 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық кластан асады.
Солтүстік Каспий	судың температурасы 15,2-16,4°C шегінде, теңіз суы сутегі көрсеткіші – 7,78-7,93 суда еріген оттегі – 7,8-8,5 мг/дм ³ , ОБТ5 – 2,0-3,0 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 13,8-17,1 см, ОХТ – 21,5-25,6 мг/дм ³ , қалқыма заттар – 117-193 мг/дм ³ , минерализация – 1710-4035 мг/дм ³ .	

Қосымша 3

Атырау облысының аумағындағы Каспий теңізінің теңіз сулары сапасының нәтижелері

Ингредиенттердің атауы	Өлшем бірлігі	4 тоқсан 2023 ж
		Солтүстік Каспий
1 Көзбен шолу		
2 Температура	°C	15,6
3 Сутегі көрсеткіші		7,9
4 Еріген оттегі	мг/дм ³	8,3
5 Мөлдірлігі	см	15,8
6 Қалқыма заттар	мг/дм ³	149
7 ОБТ5	мг/дм ³	2,5
8 ОХТ	мг/дм ³	23,2
9 Гидрокарбонаттар	мг/дм ³	148,4
10 Кермектігі	мг/дм ³	15,8
11 Минерализация	мг/дм ³	3123
12 Натрий	мг/дм ³	44
13 Калий	мг/дм ³	40
14 Құрғақ қалдық	мг/дм ³	3151
15 Кальций	мг/дм ³	143,2
16 Магний	мг/дм ³	105,6
17 Сульфаттар	мг/дм ³	820
18 Хлоридтер	мг/дм ³	1821
19 Фосфаттар	мг/дм ³	0,09
20 Жалпы фосфор	мг/дм ³	0,005
21 Нитритті азот	мг/дм ³	0,02
22 Нитратты азот	мг/дм ³	0,02
23 Жалпы темір	мг/дм ³	0,13
24 Тұзды аммоний	мг/дм ³	0,30

25	Корғасын	мг/дм ³	0,002
26	Мыс	мг/дм ³	0,0
27	Мырыш	мг/дм ³	0,002
28	Жалпы хром	мг/дм ³	0,002
29	Хром (6+)	мг/дм ³	0,002
30	АББЗ /СББЗ	мг/дм ³	0,02
31	Фенолдар	мг/дм ³	0,001
32	Мұнай өнімдері	мг/дм ³	0,03
33	Бор	мг/дм ³	0,61
34	альфа -ГХЦГ	мкг/дм ³	0,0
35	гамма-ГХЦГ	мкг/дм ³	0,0
36	4,4-ДДЕ	мкг/дм ³	0,0
37	4,4-ДДТ	мкг/дм ³	0,0

Қосымша 4

Атырау облысының жер үсті мен теңіз суларының сапасының гидробиологиялық көрсеткіштері (уыттылық) жөнінде ақпарат

№	Су объектісі	Бақылау нүктесі	Бағдарлау нүктесі	Сапроб индексі		Су сапасы	Биотестілеу		Уыттылық жөніндегі ақпарат
				Перифитон	бентос		Сынақ параметрі, %	Суды бағалау	
1	Жайық өзені	Атырау қаласы	«Атырау Су арнасы» КМК тастандыдан 0,5 км төмен	-	-	3	0%		Уыттылық жөніндегі ақпарат
2		Индер ауданы	су бекетінің жармасында	-	-	3	0%		
3		Дамба кенті		-	-	3	0%		
4	Шаронов арнасы	Ганюшкино селосы	су бекетінің жармасында	-	-	3	0%		
5	Қигаш өзені	Котяевка селосы	су бекетінің жармасында	-	-	3	0%		

Қосымша 5

Анықтамалық бөлім

**Елді –мекен ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары
(ШЖШ)**

Наименование примесей	ШЖШ мәні, мг/м³		Қауіптілік класы
	Максималды бір ретті (ШЖШ _{М.б.})	Орта-тәуліктік (ШЖШ _{о.т.})	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,5	0,15	3
PM 10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
PM 2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутек	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкіртсугегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутек	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауага қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыз №ҚРД СМ-70 СанЕН)

Атмосфералық ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфералық ауаның ластануы	көрсеткішетр	Айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖК, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖК, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖК, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖК, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қоғамдастырыған ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667-2005 БҚ. Әзірлеуге, салуға баяндауға және мазмұндауға қойылатын жалпы талаптар.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ДЕПАРТАМЕНТІ
РМК «КАЗГИДРОМЕТ» АТЫРАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
МЕКЕН-ЖАЙ:
АТЫРАУ ҚАЛАСЫ
ТАЛҒАТ БИГЕЛЬДИНОВА 10А
ТЕЛ. 8-(7122)-52-20-96

E MAIL: INFO_ATR@METEO.KZ